

## «Невада—Семей» антиядролық қозғалысы



Москваға ұшатын самолетке өте аз-ақ уақыт қалған болатын...

Біз сессия барысын теледидардан көре отырып, халық депутаты мен сайлаушылар арасындағы өзара түсіністікке жете бермейтінімізді бай-

талып, алда тұрған шаралар жайында әңгімеледі.

—Ядролық сынаққа қарсы қозғалыстың өмірге келуінің өзі үлкен жеңіс. Әрине біздің таяу арадағы басты міндетіміз — полигонның жабылуына қол жеткізу. Сондай-ақ біздің қалтларымыздың экологиялық жағындайын жақсартуда назардан тыс қалмауы керек.

Митингіндегі өзара пікірталас пен қызу әңгімеден кейін О. Сүлейменовтің СССР Жоғарғы Советінің сессиясында сөйлеуге тиісті талаптары талқыланды. Жұмысшы комитетімен бірлесе отырып протокол жасалынды, митингінде СССР Жоғарғы Советіне, СССР Министрлер Советіне Қазақ ССР Министрлер Советіне, Қазақ ССР-інен сайланған СССР халық депутаттарына Үндеу қабылданды.

**Н. ВЗЕМБЕТОВА,**  
«Невада — Семей» қозғалысы қалалық комитетінің мүшесі.

**Ү Н Д Е У**  
СССР Жоғарғы Советінің  
Председателіне  
СССР Жоғарғы Советіне  
СССР Министрлер Советіне  
Қазақ ССР Министрлер Советіне

Қазақ ССР-інен сайланған  
СССР халық депутаттарына

Қазақстанның миллиондаған тұрғындары Семей облысындағы ядролық полигонды жабу жөнінде батыл талап қоюына қарамастан сынақ жүргізу жалғастырылуда. Соңғы 2 айдың өзінде 3 жарылыс жасалды. Біздегі бар мәліметтерге қарағанда жыл аяғына дейін тағы да сегіз сынақ жасау көзделуде.

Әрбір жарылыс «залалды» газ шығарумен және радиациялық фонның артуымен сабақтасып жатыр. Бұл күндері біздің қаламыздың жүздеген тұрғындарының денсаулығына шарлайды және «Жедел жәр-

демді» шақыру 40 процент өсіп кетеді.

ТАСС хабары кешіктіріліп қана қоймай, жарылыс қондырғысы зарядының қуаты азайтылып және полигонда, сонымен бірге сол аймақта радиациялық жағдайдың «қалыптылығы» туралы жалған хабарлап, Совет Одағының азаматтарын алдауға дейін барады. Мәселен, 4 октябрьдегі жарылыс туралы оның қуаты «20 килотоннаға дейін» деп көрсетілсе, сонау Хиросимадағы приборлар 60 килотоннаға дейін көрсеткен. Сонымен бірге, көзімен көргендер сынақ кезінде тағы газ шыққанын дәлелдейді. Әсіресе, бізді 19 октябрьдегі сынақ туралы хабар алаңдатты. Біріншіден, хабар бір тәулік өткеннен кейін берілді, екіншіден, цифр 20—75 килотонна аралығында деп көрсетілген. Сол мезгілде біз 150 килотонна және одан да астам зарядқа тең 4—5 баллдық жер сілкінісін сездік.

Қазір елімізде әртүрлі қиын жағдай туған шақта, әрбір осындай жарылыс адамдардың ашу-ызасын одан әрі күшейте түседі және айтып жеткізе алмас зардаптарға әкеліп соқтырады. Әскери шамшылдықты неге ақыл-ой жеңбейді?

1960 жылдан қорғанысқа 4,6 триллион доллар жұмсалған. Егерде осы ақшаның оннан бірі әлеуметтік мұқтажыққа бағытталса, біз бүгін 143 елдің арасынан 23-інші орында тұрмас едік.

Біз Қарағанды мен облыс тұрғындары атынан біздің өкіметіміздің жоғарғы органына Үндеу тастай отырып, біздің балаларымыз бен немерелеріміздің атынан әскери ведомстводан халықты радиоактивті жаппай уланудан сақтау жөнінде кезек күттірмес шаралар қабылдауды талап етеміз.

Біз Қарағанды облысының, әсіресе, бірінші кезекте полигонға жақын орналасқан аудандардың тұрғындарын барынша жан-жақты медициналық комиссиядан өткізуді талап етеміз.

Біз әскери ведомстволардан ядролық улануға ұшыраған тұрғындардың денсаулығына келтірілген зияндың орнын толтыруды талап етеміз.

Біз Семей полигонын жаптыруды талап етеміз.

Талап 1989 жылғы 21 — 22 октябрьде Қарағандыдағы және қанаттас қалалардағы қалалық митингтерде қабылданды.

«Невада — Семей» қозғалысының атынан оның председателі

**О. ЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ.**

Қарағанды шахтерлерінің облыстық жұмысшы комитетінің атынан

**П. П. ШЛЕГЕЛЬ.**

«Невада—Семей» қозғалысы Қарағанды бөлімшесінің атынан

**М. Х. ХАМИЕВ.**

*СУРЕТТЕРДЕ: Семей облысының Абай жерінде жазда өткен антиядролық акциясынан көріністер.*

## Б А С Қ А Ш Е Ш І М Б О Л М А У Ғ А Т И І С

Бүгінгі таңда экологиялық жағдайдың қиындап кеткендігі, оның адам өміріне қауіп төндіре бастағандығы, осындай қарқынмен ертең-ақ бар байлығымыздан жұрдай болатындығымыз жайында жиі-жиі айтыла бастады. Мұның өзі халықтың көптен көкейінде жүрген, көп тілектері мен өтініштерінің жаңа леппен жаңғыртыла бастағанына дәлелі дей аламыз. Осы орайда Қазақстан тұрғындарын көбірек алаңдатып отырған Семей ядролық сынақ полигоны. Оның қырық жылдан астам уақыт бойы Қазақстан халқына қаншама ауыр зардаптар әкелгенін айтып жеткізудің өзіне жүрек дауаламайды. Қаншама жас сәби өмір қызығын көре алмай бірден көз жұмса, қаншама ересек адамдар ядролық сынақтың зардабын күні бүгінге дейін шегіп, ауруға шалдығуда. Мұның бәрі күні бүгінге дейін мәлім бояғандары, ал келешектегісінің қандай болатынын болжап айту тағы қиын. Демек, ядролық сынауды тоқтату жөніндегі хаяқтың ашына айтқан ащы үні орынды да заңды.

Соңғы айларда әрбір ядролық сынақ жүргізілісімен халықтың наразылығы өрістеп отыр. Бірақ оған құлақ асып отырған тиісті орындар тағы

жоқ. Соңғы рет Семейде 19 октябрьде болған жарылыс бүкіл қазақстандықтардың ашу-ызасын келтірді. Соның салдарынан жер-жерлерде сынақ полигонын жаптыру жөнінде митингтер өтті. «Невада—Семей» қозғалысының президенті, СССР халық депутаты О. Сүлейменов СССР Жоғарғы Советі сессиясының жұмысына қатысып отырса да, халықтың тілегі бойынша 21 октябрьде Алматыда, 22 октябрьде Қарағандыда өткен митингтерге қатысу үшін келген-ді. Гагарин алаңында өткен осынау митингке халық көп жиналды, Митингін кенешілердің жұмысшы комитеті мен «Невада—Семей» қозғалысының қалалық советі ұйымдастырған болатын. Митингінде ядролық сынақты тоқтату жөнінде көп мәселелер айтылды, халықтың ашу-ызасы жария етілді.

Митингден соң жұмысшы комитеті мен «Невада—Семей» қозғалысы қалалық советінің мүшелері О. Сүлейменовпен кездесіп, бірнеше сұрақтар қойды. Бұл кездесуде көптеген мәселелердің басы ашылғандай болды. Уақыттың тапшылығы салдарынан халықты толғандырып жүрген кейбір жайларға нақты жауаптар ала алмағанымызды мойындауымыз керек. Өйткені,

қап қаламыз. Ал бұл мәселе бүкіл халықтық мәселе, Ол біздің келешек ұрпағымыздың мәселесі, жеріміздің, суымыз бен ауаымыздың, жалпы тіршілігіміздің тағдыры. Міне, 40 жыл бойы «халық шаруашылығы мақсатында» сыналып келген ядролық жарылыс осы аймақтағы радиациялық фонды қандай деңгейге жеткізгенін білеміз. Әр жарылыстан кейін ТАСС хабарында берілетін деректердің ешқандай шындыққа жанаспайтынын кейінгі кездері жиі байқаймыз.

— Соңғы жарылыстан кейін 5 қабатты үй дірлеп, төбедегі балшықтар түсіп жатса, оны қалай «қалыпты» деп айта аламыз, ал Саран қаласында су құбыры істен шықты, — деген алаңдаушылық білдірді шахтерлер. Неге тиісті орындар сынақ болған күні балалардың ауыратынын, ересектердің жұмыс қабілетінің төмендейтінін ескермейді.

Шахтерлердің алаңдаушылығы бәрімізге да қатысты. Сондықтан да митингінде осы төңіректе көп ойлар айтылды. Қалалық қозғалыс советі тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар да тілге тиек етіл-

О. Сүлейменов «Невада—Семей» қозғалысының бұдан кейінгі тыныс-тіршілігіне тоқ-

